

## ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

*Нұсқау: Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.*


1. XX ғасырдың 30-жылдарында неміс буржуазиясының әлсіреуінің негізгі себебі
  - A) Еңбек хартиясының қабылдануы
  - B) Германдық фашистік диктатураның орнауы
  - C) «Жаңа бағыт» саясатының енгізілуі
  - D) Азамат соғысының басталуы
2. I Петр қызметін теріс бағалап, оның реформалары Батыстан алынған, Ресейге қажетсіз және ол қоғамды алауыздыққа алып келеді деп санағандар
  - A) Халықшылдар
  - B) Анархистер
  - C) Декабристер
  - D) Славяншылдар
3. ВШҰ мен НАТО арасындағы шиеленістерден әлемді жаңа жаһандық соғысқа әкеле жаздаған оқиға
  - A) Кеңес-ауған соғысы
  - B) Кариб дағдарысы
  - C) Қытайдағы азамат соғысы
  - D) Прага көктемі
4. XX ғасыр басында автомобильмен қатар енген техникалық жетістік
  - A) радиоқабылдағыш
  - B) робот
  - C) магнитофон
  - D) компьютер
5. Аграрлық өркениеттің ерекшеліктеріне тән белгі
  - A) Табиғи климаттық жағдайларға тәуелсіздік
  - B) Мемлекеттің жеке адам мүддесін жоғары бағалауы
  - C) Қалдықсыз, экологиялық «жасыл технологияға» көшу
  - D) Өз қажеттілігі үшін ғана өнім өндірудің басым болуы
6. Этникааралық жанжалдардың аумақтық дау себептерін анықтаңыз
  - A) табиғат байлығын пайдалануда теңсіздіктің орын алуы
  - B) мемлекет құрудағы ұлттық қозғалыстардың жандануы
  - C) мемлекет шегарасы мен аймағының өзгеруі
  - D) жұмыссыздық, өмір сүру теңсіздігі
7. Польшаның қаржы министрі Л.Бальцеревичтің экономикада жүргізген саясаты
  - A) «жаңа экономикалық саясат»
  - B) «қайта құру»
  - C) «жаңа бағыт»
  - D) «есеңгіреу терапиясы»

8. М.Гандидің 1930 жылғы сәуірдегі қарсыласу қозғалысы
- A) «Шаңды жорық»
  - B) «Қанды жорық»
  - C) «Крест жорығы»
  - D) «Тұз жорығы»
9. Дәстүрлі құндылықтарды толық жойып, мегаполис культі мен машиналық урбанизация өркениетін ұсынып, оларды болашақ өркениеті ретінде сипаттаған өнер ағымы
- A) сюрреализм
  - B) фовизм
  - C) футуризм
  - D) дадаизм
10. Христофор Колумбтың Американы ашқан жылы
- A) 1522 ж.
  - B) 1462 ж.
  - C) 1492 ж.
  - D) 1518 ж.
11. 1854 жылы ағылшындардың Үндістандағы алғашқы тоқыма фабрикасы орналасқан қала
- A) Бомбей
  - B) Дели
  - C) Мадрас
  - D) Калькутта
12. Сталиннің жеке басына табынушылық айыпталды
- A) КОКП-ның XXI съезінде
  - B) КОКП-ның XVIII съезінде
  - C) КОКП-ның XIX съезінде
  - D) КОКП-ның XX съезінде
13. Соңғы крест жорығында Антиохияны басып алған мәмлүктер билеушісі
- A) Салах ад-Дин
  - B) Муазам Тұран
  - C) Мамун ибн Мамун
  - D) Бейбарыс
14. 1370 жылы шағатай бектері мен әмірлері, жоғары мәртебелі төрелер қатысқан құрылтайда
- A) Мемлекет жеті уәзірден тұратын басқару жүйесін бекітті
  - B) Темір өз мемлекетінің астанасы етіп Бұхараны таңдады
  - C) Ауғанстанға жорық жасау мәселесін қарастырды
  - D) Темір хандық мәртебе иеленбей, «Ұлы әмір» атағын алды
15. Аграрлы қоғамның белгісі
- A) нарықтық экономикалық бәсекелестік
  - B) жерді ұжымдық түрде пайдаланау
  - C) жоғары кәсіпкерлік рух
  - D) машиналық өндірістің дамуы

16. Белгілі бір жағдайлардағы мінез-құлықтың басты ұстанымы мен ережелері
- A) құндылық
  - B) табыс
  - C) өнер
  - D) қағида
17. Еуропада көркемсуретке натюрморт пен тұрмыстық жанрын әкелді
- A) Рембрандт
  - B) Микеланджело
  - C) Барокко
  - D) Рубенс
18. Византия империясын астықпен қамтамасыз етіп отырған елдер
- A) Қытай мен Түрік қағанаты
  - B) Месопотамия мен Сирия
  - C) Мысыр мен Фракия
  - D) Палестина мен Араб халифаты
19. Этникааралық жанжалдардың этнодемографиялық себептерін анықтаңыз
- A) соғыс, жаулап алу, отарлық езгі, жер аудару т.б.
  - B) ұлтына, түсіне байланысты қысым мен шектеу көрсетіп, кемсіту
  - C) жұмыссыздық, өмір сүру теңсіздігі
  - D) этностық құрам санының өзгеруі
20. Нарықтық экономиканың сипатты белгілерінің бірі
- A) қол еңбегінің басымдығы
  - B) тауар айырбасының шектеулі сипат алуы
  - C) өндірушінің дербестігі, кәсіпкерлік еркіндігі
  - D) экономикалық ресурстарға мемлекеттік меншіктің болуы

**Нұсқау:** Сізге контекст негізіндегі ұсынылған төрт жауаптан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары беріледі. Контексті мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.

### Ұлы географиялық ашылулар



Христофор Колумб



XVII ғасырдың ортасындағы ірі держава неліктері

<span style="display: inline-block; width: 15px; height: 15px; background-color: yellow; border: 1px solid black;"></span> Испания	<span style="display: inline-block; width: 15px; height: 15px; background-color: blue; border: 1px solid black;"></span> Португалия	<span style="display: inline-block; width: 15px; height: 15px; background-color: green; border: 1px solid black;"></span> Англия
<span style="display: inline-block; width: 15px; height: 15px; background-color: purple; border: 1px solid black;"></span> Франция	<span style="display: inline-block; width: 15px; height: 15px; background-color: red; border: 1px solid black;"></span> Голандия	

21. XV ғасырда жасалған тез жүретін, желкенді кеме
  - A) Астролябия
  - B) Каравелла
  - C) Крейсер
  - D) Ландтаг
22. 1492 жылы Испания жағалауындағы Палос қаласынан сапарға шыққан теңізші
  - A) Абел Тасман
  - B) Васко да Гама
  - C) Христофор Колумб
  - D) Бартоломео Диаш

23. Ұлы географиялық ашулардың нәтижесі
- A) Америкаға көптеген алтын мен күміс әкелінді
  - B) Еуропа елдері Америка құрлығын отарлай бастады
  - C) Азия елдері Еуропа халықтарын отарлай бастады
  - D) Азиядан Еуропаға темекі мен какао әкеліне бастады
24. Фернан Магеллан саяхатының маңызы
- A) Жердің шар тәріздес екендігі дәлелденді
  - B) Америка құрлығы ашылды
  - C) Үндістанды отарлауға жол ашылды
  - D) Еуропадан Жерорта теңізі арқылы Үндістанға сауда жолы ашылды
25. Дұрыс дәйектерді табыңыз
- I. X. Колумб – Канар, Әулие Елена аралдары жағалауларына жетті*
- II. Ф. Магеллан – Филиппин аралдарында жергілікті тұрғындармен қақтығыс кезінде қаза тапты*
- III. Педру Кабрал – Бразилияны ашты*
- IV. А. Веспуччи – «Санта Мария», «Нинья», «Пинта» кемелерімен сапарға шықты*
- A) I, III
  - B) II, IV
  - C) I, IV
  - D) II, III

*Нұсқау: Сізге бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар беріледі.*

26. Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы келісімге қол қойылған және күшіне енген жыл (-дарды) анықтаңыз:
- A) 1989 ж.
  - B) 1995 ж.
  - C) 1994 ж.
  - D) 1992 ж.
  - E) 1993 ж.
  - F) 1991 ж.
27. Жаңа заманның алғашқы сатысындағы Батыс елдерінде күшейген жоғарғы билік түрі (-лері):
- A) дуалистік монархия
  - B) республика
  - C) теократия
  - D) абсолюттік монархия
  - E) парламенттік монархия
  - F) конституциялық монархия
28. Ең алғаш құқықтық мемлекет принциптері және адам құқықтары мен бостандықтарын жариялаған ел (-дер):
- A) Италия
  - B) АҚШ
  - C) Германия
  - D) Франция
  - E) Португалия
  - F) Англия
29. XIX ғасырдың 20-30 жылдары теміржолдар пайда болған ел (-дер):
- A) Египет
  - B) Швеция
  - C) Ирак
  - D) Ресей
  - E) Франция
  - F) Иран
30. Шарль де Голль үкіметінің сыртқы саясатының ерекшелігі (-тері):
- A) Варшава шарты ұйымына мүше болды
  - B) КСРО-мен әскери одақ құрды
  - C) елді НАТО-ның құрамынан шығарды
  - D) АҚШ-тың сыртқы саясатына бағынбайды
  - E) АҚШ-тың әскери нысандарын жапты
  - F) Отар елдердің тәуелсіздігін мойындамады

31. Киев Русіндегі дінбасы (-лар):
- A) Епископ
  - B) Папа
  - C) Патриарх
  - D) Помещик
  - E) Бояр
  - F) Дворян
32. Мәдени интеграция формасы (-лары):
- A) реттеушілік
  - B) логистикалық
  - C) жоспарлық
  - D) логикалық
  - E) анықтаушылық
  - F) тақырыптық
33. XVII-XVIII ғасырларда мемлекеттің пайда болуы туралы қоғамдық келісім теориясының өкілі (-дері)
- A) Ж.Руссо
  - B) Д.Дидро
  - C) Ж.Мелье
  - D) Г.Спенсер
  - E) Д.Локк
  - F) Т.Гоббс
34. XIX ғасырдың 70 жылдарындағы Ресейдегі халықшылдардың үш бағыттағы теоретигі (-тері):
- A) П. Ткачев
  - B) С. Уваров
  - C) К. Маркс
  - D) П Александр
  - E) П. Лавров
  - F) М. Бакунин
35. Дүниежүзіндегі ядролық қару ресурстары бар мемлекет (-тер):
- A) Израиль
  - B) Швеция
  - C) Пәкістан
  - D) Польша
  - E) Австрия
  - F) Үндістан